



Бекітемін:

Мектеп директоры: *Ө. Кеулімжай*

Жеткізушіні тандау жөніндегі конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырма

Конкурстың атауы: Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік топтағы және 1-4 сынып аралығындағы оқушыларды бір мезгілгі ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі

Атауы: Әлеуметтік топтағы оқушылар мен 1-4 сынып аралығындағы бір мезгілгі ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі.

ҚҚС есебінсіз лот бойынша жалпы сома теңгемен (теңге).

Тамақтануды ұйымдастыру бойынша қызмет. Осы техникалық тапсырмада Қазалы ауданы, Қазалы қаласы. Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік топтағы және 1-4 сынып аралығындағы білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке сәйкес келуі тиіс.

Барлық тәрбиеленушілер мен білім алушылар	100
Оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білім алушылар саны	71
1-4 сынып аралығында тамақтанатын оқушылар саны	26
Оның ішінде:	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектептік тамақтану мен қамтамасыз етілетін балалар саны	45 (әлеуметтік топ)
басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)	Әлеуметтік тұрмысы төмен оқушы-21, жартылай жетім, қорғаншы, көп балалы отбасынан-20 Толық емес отбасы-4 1-4 сыныптан қосылатын бала саны 26
Күніне 1 балаға тамақтану құны (582 теңгемен)	

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектептік тамақтану мен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны	ҚҚС-мен 582 теңгеден кем емес (әлеуметтік топ үшін)
Басқа санаттар үшін тамақтану құны (санаты мен құнын көрсету)	1-4 сынып
Мектеп жанындағы лагерь	
Мектеп жанындағы лагерьдегі балалар саны	30
(Шағала) лагерьдегі балалар саны	5
Оның ішінде, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын тәрбиеленушілер мен білімалушылар саны	1-4 сынып
Оның ішінде:	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектептік тамақтану мен қамтамасыз етілетін балалар саны	Әлеуметтік топ бала саны 45
басқалар (балалардың санаты мен санын көрсету)	1-4 сынып 26
Күніне 1 балаға тамақтану құны (582 теңгемен)	
ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектептік тамақтану мен қамтамасыз етілетін балалар үшін тамақтану құны	ҚҚС-мен 582 теңгеден кем емес
Басқа санаттар үшін тамақтану құны (Жалпы әлеуметтік топтағы балалар)	ҚҚС-мен 582 теңгеден кем емес

Қазалы ауданы, Қазалы қаласы. Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі балалардың тамақтануын ұйымдастыру кезіндегі негізгі мақсаттары мен міндеттері оқушыларды тамақтық заттар мен энергияға жас ерекшеліктеріне сәйкес теңгерімді тамақтандыру мен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру Қазалы ауданы, Қазалы қаласы. Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің № 238 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің асханасында жүзеге асырылады.

Қызметті жеткізуші ас блогының және оның персоналының жұмысына басшылық жасайды, сондай-ақтамақ дайындау технологиясының, азық-түлік салудың, порциялардың шығу нормаларының сақталуын, білім алушыларға азық-түлік пен тағамдардың босатылуын және жеткізілетін өнімдердің сапасын бақылауды, оларды сақтау және өткізу қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметті жеткізуші ас блогында, өндірістік және қойма үй-жайларында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызмет жеткізуші әлеуметтік топтағы және 1-4 сынып оқушыларын бір мезгілгі ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін оқушылардың қауіпсіздігін және қажетті ыдыс аяқтардың жеткілікті көлемде болуын, оқушылардың сапалы және уақытылы тамақтануын қамтамасыз ету үшін қызмет көрсетуші (аспазшы, аспазшы көмекшісінің) қағидаға сәйкес болуын қамтамасыз етуіне міндетті.

Қызмет жеткізуші асханадағы дайындалатын тағамдардың сапасы мен салмағының ас мәзіріне сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін, қызметшілер тағам диетологы мен тағам технологияның және асхана өндіріс меңгерушісінің үнемі асхана блогында жұмыс жасауын қамтамасыз етуге міндетті.

Мектепте қызметті жеткізуші Шарт заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде ас әзірлейтін асхананың ас блогында бейне бақылау жүйесін орнатады және Тапсырыс берушіге объектіде орнатылған бейне бақылау жүйесімен бөлінген бейне сигнал (бейне камералар) көзі бар нақты уақыт режимінде тағамдарды дайындау процесінің бейне ағындарына қолжеткізуді қамтамасыз етеді. Бейне бақылау жүйесі арқылы түсірілген материалдар білім беру ұйымында келесі 10 жұмыс күні ішінде сақталады. Шарттың қолданылу мерзімі өткен соң аталған жабдық жеткізушінің меншігінде қалады.

Мектепте қызметті жеткізуші Шарт заңды күшіне енген күннен бастап екі ай ішінде арнайы жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді орната отырып, білімалушылар мен қолма-қол ақшасыз есепайырысу жүйесін енгізеді. Шарттың қолданылу мерзімі өткен соң аталған жабдық жеткізушінің меншігінде қалады.

Өнім беруші халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес білім беру ұйымының дайынтағамның сапасын бақылау журналын жүргізуі үшін (бракераждық) жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Өнім беруші білімалушылардың тамақтануын ұйымдастыруға байланысты мәліметтерді күнсайын немесе Тапсырыс берушінің талабы бойынша білім беру ұйымының сайтында орналастыру үшін (тағамның суреті бар ас мәзірі, атауы, бағасы) ұсынады.

Өнім беруші тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялар (бракераждық), тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомство аралық сараптамалық топтар мүшелерінің ас блогына кіруін қамтамасыз етеді.

Тағамдардың, тамақ өнімдерінің және аспаздық өнімдердің тұтынушылық қасиеттері, олардың органолептикалық қасиеттері, дайындау технологиялары мен шарттары балаларға арналған тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес келуі тиіс.

Мектептегі тамақтанудың базалық ұйымынан Қазалы ауданы, Қазалы қаласы. Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің асханасына тағамдарды жеткізу жағдайында тиісті температураның сақталуын қамтамасыз ететін арнайы ыдыстар (термоконтейнерлер) пайдаланылады.

Оқу процесі кезеңінде білім алушыларға ыстықтамақ: бірінші ауысым үшін 09-10 сағат-15 мин, екінші ауысым үшін 11-55 сағат-15 мин.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтану кестесі білім беру ұйымының басшысы Кеулімжай Әлия бекіткен белгіленген тамақтану режиміне сәйкес белгіленеді.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келетін буфет өнімдерін сатуға жағдай жасалады.

Дайын аспаздық өнімдер мен тамақ өнімдерін өткізу 1 сағатта жүзеге асырылады (асхананың және (немесе) буфеттің жұмыс уақыты көрсетіледі).

Өнім беруші ай сайын мектеп директоры Кеулімжай Әлияға мәліметтер ұсынады:

- білім алушылар үшін олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы;

- конкурс кезінде көрсетілген ас блогы қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамының сәйкестігі туралы.

Өнім беруші міндетті түрде шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бекітеді.

Нақты тамақтану рационы перспективалық мәзірге сәйкес келуі тиіс. Бір азық-түлікті, тағамдарды және аспаздық өнімдерді басқасына ауыстыру халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ерекше жағдайларда жол беріледі.

Оқушылардың жекелеген санаттары үшін оның ішінде науқастығы бар оқушыларға жеңіл (диеталық) тамақтану ұйымдастырылады.

Қызметті жеткізуші дайынтағамдарды дайындау технологиясын сақтау және калориялығына сәйкес болу үшін ас блоктарында тағамдайындаудың бірыңғай картотекасының (технологиялық карталар) болуын қамтамасыз етеді.

Тағамдар картотекасын пайдалану арқылы тамақты дайындау жүзеге асырылады, онда өнімдердің таратылуы, тағамдардың түсімі, әртағамның құрамы туралы және оның тағамдық құндылығы (ақуыздың, майлардың, көмірсулардың, витаминдердің болуы) және әр тағамның (аспаздық бұйымның) энергетикалық құндылығы (калориялығы) мен әртамақты қабылдау жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Асхананың асблогында тағамдармен аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас блогында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қажетті құжаттама (шикі өнімдердің, дайын тағамның бракеражжурналдарын, асблогы қызметкерлерінің денсаулық жағдайынт іркеу журналын, тағамдарды витаминдеуді жүргізу журналын, асмәзірін, дайындалатын тағамдардың технологиялық картасын, тамақ өнімдеріне кіріс құжаттарын, келіп түсетін тамақөнімдерінің сапасын растайтын құжаттарды (жүкқұжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәліктері, ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттары, ұсыныс-пікірлеркі табыжәне басқалар) атапкөрсету) үнемі болуы тиіс.

Өнімберушіде қызмет көрсету басталаралдында жұмыс істеуге рұқсаты бар ас блогының әрбір қызметкерінің медициналық кітапшалары болады.

Өнімберуші қызмет көрсетуді бастамас бұрын өндірістік бақылау жоспарын бекітеді және тапсырыс берушіге (ұйымдастырушыға) тиісті растайтын құжаттар мен қоса жоспардың көшірмесін ұсынады.

Өнімберуші қолдабар технологиялық, тоңазытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтардың жарамдылығын және уақытында мемлекеттік тексеруді (өлшеу құралдары үшін) қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес тамақ өнімдерін жеткізуді ұйымдастырады.

Білім беру ұйымында қажетті технологиялық, тоңазытқыш және санитарлық-техникалық жабдықтар мен мүкәммал болмаған жағдайда өнімберуші қызмет көрсету процесінде олардың болуын қамтамасыз етеді.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін өнім беруші тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде отандық өндірістен кемінде 60% (алпыспайыз) тамақ өнімдерін сатып алады.

Бұл ретте, отандық өндірістің азық-түлік өнімдерін сатып алу фактісін растайтын құжат ретінде белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не уәкілетті ұйым куәландырған белгіленген тәртіппен берілген "СТ-KZ" тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесі ұсынылады (егер жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не Уәкілетті ұйым куәландырған, ұсынылған көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне белгіленген тәртіппен берілген "СТ-KZ" тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесі ұсынылады.

Тауарларды жеткізу. Техникалық тапсырмада жеткізілетін тауарлар сәйкес келуі тиіс сатып алынатын тауарлардың толық сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары, кепілдік мерзімі, шығу тегі жазылады.

Тауарларға арналған техникалық тапсырмада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалардың сипаты функционалдық шектерін, техникалық сипаттамалардың параметрлерін, үздік сипаттаманы айқындау мақсаттары үшін тауардың мақсатын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуі тиіс.

Сатып алынатын тамақ өнімдері Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін өнім беруші тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде отандық тауар өндірушілерден азық-түлік өнімдерінің кемінде 60% (алпыс пайыз) сатып алады.

Бұл ретте, отандық өндірістің азық-түлік өнімдерін сатып алу фактісін растайтын құжат ретінде белгіленген үлгідегі түп нұсқасы немесе көшірмесі не Уәкілетті ұйым куәландырған белгіленген тәртіппен берілген "СТ-KZ" тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесі ұсынылады (егер жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесіне Уәкілетті ұйым куәландырған, ұсынылған көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс

өніміне белгіленген тәртіппен берілген "СТ-KZ" тауардың шығу тегі туралы
сертификаттың көшірмесі ұсынылады.

Әлеуметтік педагог:

А. Аханов